

МРНТИ 06.56.31
УДК 338.001.36
JEL E22

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-153-169>

А.А. АДАМБЕКОВА,*¹

Э.Ф.Д., профессор.

*e-mail: ainatas0408@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-2026-4321

А. АППАЗОВ,²

Э.Ф.М.

almas.appaz@bk.ru

ORCID ID: 0000-0002-9362-0414

Н.Т. АДАМБЕКОВ,³

Э.Ф.М.

e-mail: nuradamsdu@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-4413-7204

Н.А. АМАНКЕЛДИ,⁴

PhD, профессор.

e-mail: namankeldy@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-7045-4847

¹эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²ФинТех ЖШС,

Алматы қ., Қазақстан

³Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті,

Алматы қ., Қазақстан

⁴Caspian University,

Алматы қ., Қазақстан

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ: БАҒАЛАУ ФАКТОРЛАРЫ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ

Андатпа

Айқын геосаяси тенденциялар жағдайында тікелей шетелдік инвестициялар ұлттық экономикалардың дамуында маңызды рөл атқарады. Жұмыстың мақсаты – Орталық Азия мемлекеттерінің: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің инвестициялық тартымдылық деңгейін талдау және олардың әлеуетін арттыру бойынша жүйелі зерттеу жүргізу, бағалау әдістемесі бойынша ұсыныстар беру. 3 елдің де негізгі сыртқы инвесторлары ЕуроОдақ елдері, Түркия, Қытай, Ресей. Бұл мемлекеттер әлемдік экономикада сауда және тауар айналымы үшін құрлықтық магистраль рөлінде аса маңызды стратегиялық аймақтар және негізгі шикізат көзін экспорттайтын Еуразияның негізгі өндірушілерінің бірі. Инвестициялық тартымдылықты анықтау кезінде негізгі факторлар дүниетану нәтижелерімен дәлелденді және факторлық-баллдық шкала бойынша мемлекеттер арасындағы көшбасшы анықталды. Зерттеу аясында П. Самуэльсонның акселератор принципінің әрекетін тексеруге арналған гипотезаның дұрыстығы тексерілді. Орталық Азия мемлекеттерінің дамуының тарихи шарттарында ЖІӨ-нің өсуіне шетелдік инвестициялардың өсуі арқылы қол жеткізуге болады, бұл ЖІӨ-нің өсуіне ықпал етеді. Жүргізілген корреляциялық-регрессиялық талдау инвестицияларды мемлекеттік басқаруға қатысты ұсыныстарды негіздеуге және елдердің тиісті факторларға тәуелділігін көрсетуге мүмкіндік берді. Әдістемелік негіз факторларды объективті бағалауға және рейтингтік критерийлерді негіздеуге мүмкіндік беретін статистикалық мәліметтерді және олардың арасындағы тәуелділіктерді салыстыру және түсіндіру әдістері, зерттеулерге сыни шолу болды. Зерттелетін елдердің ішкі нарығын сегменттеу арқылы шетелдік инвесторлардың инвестициялық секторларды қарастыруын топтастыру әрбір сектордағы мемлекеттердің басым бағыттарын анықтауға, одан әрі инвестициялық зерттеулер мен сараптамаларды нақтылауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы инвестициялық мемлекеттік концепцияларды одан әрі дамыту мүмкіндігімен, анықталған тапшылық аймақтарға инвестицияларды ұлғайту тетіктерін қосудымен анықталады.

Тірек сөздер: инвестиция, мемлекеттік реттеу, инвестициялық саясат, сыртқы қарым-қатынас, геосаясат.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тікелей сыртқы инвестициялар бүгінгі күні мемлекеттердің экономикалық өсімінің негізгі аспектісінің маңыздысы болып табылады. Посткеңестік Орталық Азия елдері үшін инвестициялардың алар орны ерекше, себебі өнеркәсібі толық дамымаған, экономикасы шикізатқа бағытталған елдерге жаңаша мүмкіндік берер технологиялар мен қаржы көздері перспективті салаларда дамып, мемлекет экономикасын өсіруде үлкен қолғабыс болады. Тәуелсіздік алғаннан кейін дағдарыстық жағдайда қалған мемлекеттер сырттан келетін қаржылық ағымдарға тәуелді болып, мүмкіндігінше оларды иеленіп қалуға тырысты, әрине кез-келген нарықтық экономикалық жүйеде қалыптаса бастаған мемлекет үшін инвестициялық көз өте тиімді және экономикалық өсімге динамикалық өсім жасайды. Қарастырылатын Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттері Орталық Азияның экономикалық кеңістікте саяси-экономикалық жүйелері бір-бірімен ұқсас, әрі экономикалық мүмкіндіктері деңгейлес мемлекеттер. Аталған 3 мемлекет аумағына әлемнің ірі державалары өздерінің экономикалық амбицияларын жүзеге асырғысы келеді. 3 елдің де негізгі сыртқы инвесторлары Еуроодақ елдері, Түркия, Қытай, Ресей. Бұл мемлекеттер әлемдік экономикада сауда және тауар айналымы үшін құрлықтық магистраль ролінде аса маңызды стратегиялық аймақтар және негізгі шикізат көзін экспорттайтын Еуразияның негізгі өндірушілерінің бірі. Сыртқы инвесторлар үшін айтылып отырған мемлекеттерде мұнай, газ, түсті металдар саласы мүдделі салалар болып табылады. Деректер бойынша Орталық Азия елдері барланған мұнай қорының 15–31 млрд баррель көлемімен әлемдік үлесте 7,2%-бен маңызды орын алады [1].

Аталған өңірдің экономикалық даму перспективасы өте жоғары деңгейде, 2000 ж. Орталық Азия елдерінің ЖІӨ көлемі 46 млрд \$ құраса, 2021 ж. 347 млрд \$ құрап, 7,5 есе өсім көрсеткен, әлемдік үлеске салсақ 0,7%-ды құрайды. Соңғы 20 жылда аталған елдердің ЖІӨ өсімінің жылдық темпі 6,2%-ды құрап отыр. Ішіндегі көшбасшы саналатын Қазақстан 2021 ж. ЖІӨ бойынша өңірдің қалған 4 республикасының ЖІӨ-нен 1,3 есе жоғары көрсеткіш көрсетті [2]. Қазақстан құрлықтық магистраль ретінде өте жоғары рөлде. Қытайдың бастамасымен жүзеге асырылған «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасында Қазақстан Еуропа мен Азия-Тынық мұхиты аймағын байланыстырушы негізгі субъекттер қатарында. Шетел капиталының негізгі бөлігі тау-кен саласына бағытталған. Одан бөлек, Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі азық-түлік өндірушісі болып табылады және «әлемдік астық қоймасы» болып саналады [3].

Қырғызстан Республикасы аймақтың гидроэлектрлік өзегі саналады. Көрші Қазақстан және Өзбекстанмен осы мәселе бойынша өзара пайдалы сауда жүргізе алады. Елдің негізгі табыс көзі – алтын қазу, сондықтан сыртқы инвесторлар осы салаға ерекше көңіл бөліп қарайды. Мысалы, 2012–2021 жж. арасында ел 701 млн \$-ға алтыннан кіріс түсіріп, ол ЖІӨ-нің 9 %-ын құрады.

Өзбекстан Республикасы 2016 ж. билікке Шавкат Мирзиёевтің келуімен экономика саласында ашық қатынас ұстап, либералдық реформалар жүргізіп, сыртқы инвесторларға тартымды бола бастады. Аталған президенттің келуімен жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар Өзбекстан экономикасының ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз етуге қабілетті. Бұл елдің алға тартар басты артықшылығы жұмыс күшінің мол болуында, Орталық Азиядағы белсенді жұмыс күшінің жартысы Өзбекстанға тиесілі. Жұмыс күшінің көп болуы және еңбек төлемі деңгейінің әлдеқайда төмен болуы инвесторларды өте қатты қызықтырады. Бүгінгі күні Өзбекстан технологияларды, корпоративтік мінез-құлық қағидаттарын импорттайды, мұның бәрі нарықтық реформалар процесін, институционалдық инфрақұрылымды дамытуды жеделдетеді [4]. Аталған елде шетелдік инвестицияларды тиімді тартуға кедергі келтіретін көптеген проблемалар бар, соның ішінде шетелдік инвесторларды толық қамтамасыз етуге жергілікті биліктің пассивті араласуы және инвестициялық әлеует және аумақтардың инвестициялық климаты туралы ақпаратты келтірсек болады [5].

Тікелей инвестициялар өндіріс саласында да, қызмет көрсету саласында да капиталды өсірудің негізгі қайнар көзі ретінде әрекет етеді. Тікелей сыртқы инвестициялар салынған мемлекеттің қаржылық-экономикалық мүмкіндіктерін арттырып, шығарылатын тауарлар мен қызметтердің сыртқы экономикалық саудасын арттырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді. Демек, елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге де септігін тигізіп, бірнеше сфераны қамтиды. Сыртқы инвестициялардың елге енуімен басқару және өндірісте

тәжірибелі мамандарды тартып, өзара шарттар болған жағдайда жергілікті жұмысшылардың біліктігін арттыруда маңызды рөл атқарады, мысалы осындай модель арқылы дамыған елдер қатарына қосылған Сингапурды айта аламыз.

Осындай факторларды ескере отырып, Орталық Азия республикалары инвестицияларға тікелей тәуелді екенін ескеріп, тәуелсіздіктерін алған алғаш кезден бастап, сыртқы экономикалық саясатта осы мәселеге аса мән берді. Бұл тақырып қарастырылып отырған 3 республиканың соңғы жылдардағы инвестициялық мүмкіндігі мен оған әсер етуші ішкі-сыртқы факторларға және геосаяси орын алып жатқан оқиғаларға шолу жасап, инвестициялық ахуалды басқаруда жаңаша көзқарас тудыратындығымен өзекті. Зерттеу тақырыбының мақсаты: Орталық Азиядағы республикалардың инвестициялық даму деңгейін анықтап, инвестициялық жағдайды жақсарту бойынша мемлекеттік басқару тәсілдеріне ұсыныстар жасау. Зерттеу тақырыбының объектісі: Орталық Азия елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан) сыртқы инвестициялары.

Экономикадағы пандемиядан кейінгі тенденциялар мен геосаяси әлемдік дағдарыс жағдайында Орталық Азия мемлекеттерінің инвестициялық тартымдылығын талдау және бағалау мақала бойынша зерттеу нәтижелерінде өз көрінісін тапты. Мақала аясында П. Самуэльсонның акселератор принципінің әрекетін тексеруге арналған гипотезаның дұрыстығы тексерілді [6]. Орталық Азия мемлекеттерінің дамуының тарихи шарттарында ЖІӨ-нің өсуіне шетелдік инвестициялардың өсуі арқылы қол жеткізуге болады, бұл ЖІӨ-нің өсуіне ықпал етеді. Жүргізілген корреляциялық-регрессиялық талдау инвестицияларды мемлекеттік басқаруға қатысты ұсыныстарды негіздеуге және елдердің тиісті факторларға тәуелділігін көрсетуге мүмкіндік берді. Орталық Азиядағы саяси және төтенше жағдайларға шолу жасалды және олардың аймақтың инвестициялық тартымдылығына және мемлекеттің инвестициялық саясатын әзірлеу кезінде осы факторларды ескеру қажеттілігіне әсерін теориялық зерттеу жүргізілді.

Зерттеу аясында Самуэльсон принципіне негізделген келесі зерттеу гипотезасы ұсынылды: ЖІӨ өсуіне ықпал ететін шетелдік инвестициялардың өсуі арқылы қол жеткізуге болады. Осы гипотеза шеңберіндегі зерттеудің міндеті Орталық Азия мемлекеттерінің тарихи анықталған дамуы жағдайында үдеткіш принципінің жұмысын тексеру болып табылады. Зерттеудің міндеті корреляциялық-регрессиялық модельді құру және белгілі бір факторларға сезімталдықты бағалау арқылы осы гипотезаны тексеру болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу стратегиясы менәдістері. Мақаланы жазу кезінде геосаяси және инвестиция, экономика саласындағы теориялық деректерді жинау арқылы инвестициялық тартымдылық деңгейіне әсер етуші негізгі факторлар жинақталып, олардың негізінде статистикалық деректер қолданылып, арнайы бөлінген шкалалар бойынша мемлекеттердің инвестициялық тартымдылық деңгейі анықталады. Зерттеу процесінде нақты жылдар аралығындағы статистикалық деректерге сүйеніп, сандық әдістер қолдану арқылы инвестициялық бағалау жүзеге асырылады. Әрбір жылда алынған статистикалық ақпараттар арқылы елдердің салыстырмалы деңгейін анықтап балдық шкала бойынша бағаланады. Инвестициялық ахуалға әсер етуші кейбір факторларды қарастырған кезде индуктивті және дедуктивті әдістер қолданылып, орын алған оқиғалар фактор ретінде инвестициялық ахуалға және басқа салаларға әсері жөнінде талдамалы саралау жүргізіледі.

Қолданылған негізгі әдістер. Орталық Азиялық мемлекеттердің инвестициялық жағдайына контенттік шолу жасау және инвестициялық ахуалға әсер етуші факторларды саралауға, факторлардың республикаға әсер ету деңгейін сараптауда зерттеудің сипаттамалық түрі қолданылады. Әсіресе статистикалық деректер бойынша салыстыру және оларға түсіндірме жасау, кейбір факторлар бойынша мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына сыни шолу жасау тақырыпты объективті түрде ашуға мүмкіндік береді.

Бастапқы деректерді жинау келесі әдістерді қолдану арқылы құрылады:

1) Әлемдік және отандық ғылыми еңбектер бойынша ғылыми және бизнес жарияланымдарға зерттеу жүргізіп, анықталған факторлар бойынша 3 республика аумағындағы статистикалық деректер жинақталады.

2) Инвестициялық саясат бойынша қарастырылып отырған мемлекеттердің заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттарына контент-талдау.

Орталық Азия елдеріндегі инвестицияға әсер етер оқиғалар мен шараларға хронологиялық талдау жасау мемлекеттердің бүгінгі күнгі көрсеткіштеріне әсер етуші факторларды түсіндіруге және жетіспеген жерлерді дамытып, инвестициялық потенциалды жоғарылатуға ықпал етеді.

Әдебиетке шолу

Орталық Азия республикаларының экономикалық дамуындағы шетелдік инвестициялардың маңыздылығы, экономикалық және саяси құрылымын өзгерткен, күрделі әлемдік экономикалық жағдайда өз экономикасын қалыптастырған мемлекеттер ретінде көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттелді. Атап айтқанда, Шарофиддин Ашуров, Анвар Хасан Абдулла Осман Ромзи бин Росман Разали бин Харон секілді Малайзия ғалымдарының зерттеуі экономикалық дағдарыс пен саяси қайта құру жағдайында экономикаға шетелдік инвестициялардың түсуіне сыртқы факторлардың әсері тұрғысынан осы мәселені зерттеу қажеттілігін атап өтті. Одан бөлек Орталық Азияның барлық дерлік елдерінің минералды базасы салыстырмалы түрде байлығы жөнінде жасалған зерттеулерге талдау жасалды [7]. Инвестициялық ресурстардың бағытын қалыптастыруға геосаяси факторлардың белсенді әсер етуінің ағымдағы тенденциялары жағдайында осы мәселені зерттеуде жинақталған тәжірибені зерделеу маңызды. АҚШ, Канада, Қытай, Армения, Ресейден келген шетелдік ғалымдардың зерттеулері бізге дамушы елдерге шетелдік инвестициялардың ағынын анықтайтын негізгі факторларға назар аударуға және инвестициялық климатты басқарудың өзгертін тәсілдерін бағалауға мүмкіндік берді. Анықталған факторлар Орталық Азия республикаларының инвестициялық климатының экономикалық моделінің критерийлері ретінде жүргізілген зерттеудің негізі болды. Осындай негіздер С. Пеневтің еңбектері негізінде зерделенді. Жалпы инфляциялық тартымдылыққа әсер етуші факторларды классификацияға бөліп, оларды зерттеу кезінде көптеген отандық және ресейлік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды, атап айтқанда А.К. Омарова және басқа авторлар.

Бүгінгі күні қозғалып отырған аймақ АҚШ, Батыс Еуропалық елдердің, Қытай, Ресей, Түркия және әртүрлі халықаралық қаржылық-саяси ұйымдардың экономикалық және саяси мүдделері әсерінен инвестициялық тұрғыда тартымды аймақ саналып, әртүрлі салада инвесторлардың қызығушылығын арттырып, өңір потенциалын арттыруда үлкен мүмкіндік туып отыр. Бірақ зерттеулерде байқалғандай инвесторлар қабылдаушы елдің ыңғайына қарай емес, әдебиеттердің көпшілігі шетелдік фирмалардың қабылдаушы елде бұрынғы тәжірибесі болса, өз бетінше әрекет етуі мүмкін екенін көрсетеді [9, 39 б.].

Орталық Азияның инвестициялық потенциалы туралы С. Пенев өз ғылыми мақаласында «энергетика секторы және басқа да өндіруші салаларға салынатын көлемді тікелей сыртқы инвестициялар аймақтың экономикалық дамуы үшін маңызды, және ол байланысты бірнеше салдары бар басқа тікелей сыртқы инвестициялардың катализаторы бола алады. Арзан және өнімді жұмыс күшінің жоғары өсу қарқыны әртараптандырылған еңбекті қажет ететін тікелей сыртқы инвестицияларды тартудың жақсы алғышарты деп санауға болады» [10, 7 б.] деп баға берген. Аталған жұмыс күші көлемін осы мақаланы жазу барысында негізгі факторлар ретінде қарастырып, оны зерттеудің статистикалық базасы қатарына қосатын боламыз. Және Орталық Азияның таулы аймақтарында су электр станцияларының каскадтарын құру, құрылыс кезінде де, пайдалану процесінде де су ағындарының энергиясын барынша тиімді пайдалану үшін қолайлы жағдайлар бар [11]. Бұл өңірдің энергетикалық тұрғыда инвестиция тартуға потенциалының жоғары екендігін көрсетеді.

Инвестицияға мүдделі мемлекеттердің сыртқа тартымдылығын анықтау үшін көптеген авторлармен факторлар көрсетілген, әрине әр автордың көрсеткіші оның қандай аспектіде талдайтындығына, алған зерттеулерінің ақпараттары мен көзқарасына байланысты субъективті болады. Жалпы ғалымдардың талданған зерттеулеріне зерделеп қарастырып, мемлекеттің инвестициялық ахуалына әсер етуші факторларды 4 топқа жіктей аламыз (1-суретте көрсетілген).



Сурет 1 – Инвестициялық ахуалға әсерететін факторлар

Ескертпе: [12–20] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған.

Өткізілген әдебиеттерге шолу аймақтың инвестициялық әлеуетін анықтайтын факторларды анықтауға және негіздеуге мүмкіндік берді. Алынған факторлар алынған елдер мысалында инвестициялық әлеуетті экономикалық модельдеуге және болжауға негіз болады. Сонымен қатар, әзірленген әдістеме «Орнықты дамудың үштұғырлы тұжырымдамасы (ESG): өңірлердің теңгерімді дамыту контекстіндегі бизнестің мүдделері» (AP19678012) бойынша жүргізіліп жатқан зерттеу шеңберінде Қазақстан өңірлерінің инвестициялық әлеуетін бағалау үшін пайдаланылады.

Негізгі ережелер

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекеттердің мүмкіндіктерін орындай алуға қаржылық қуаты жетпей, ресурстық қиындықтарды бастан кешіріп жатты. Мемлекет болып қалыптасудың бастапқы уақытында маңызды экономикалық өсімді қалыпты деңгейде ұстап, макроэкономикалық тұрақтылыққа жету үшін Орталық Азия мемлекеттері сырттан келетін тікелей инвестицияларға өте мұқтаж болды және олардың осындай қиын кезеңде де, одан кейінгі уақытта да тұрақты дамуына аталған фактор салмақты әсер етті. Соған сай, бүгінгі күні Орталық Азия мемлекеттері арасында сыртқы тікелей инвестицияларды тарту бойынша өзара бәсекелестік ашық көрініп отыр, бұл мәселеде мемлекеттердің үкіметі даму процесін арттыру үшін мүмкіндігінше сырттан келетін инвесторларды өздеріне тартып қалуға және инвесторларға ұнамды ахуал қалыптастыруға бар күшін салып жатыр. Аталған өңірдің елдері өндірістік тұрғыда мүмкіндіктерінің көпшілігін XX ғасырдың 90-жылдарында жоғалтып алды, мысалы сол уақыттағы бүкіл Орталық Азия аймағын қамтыған саяси және экономикалық дағдарыстар қолданыстағы гидроэнергетикалық қуаттарды пайдаланудың төмендеуіне және жобаланған гидроэлектростанциялар каскадтарының құрылысын тоқтатуға әкелді [8]. Сонымен, көптеген салаларда өңір сырттан келетін қаржы көздеріне тәуелді болып қалды.

Жоғарыда көрсетілген әр фактордың құрамдас бөліктері қарастырылған, оларды жіктеп, төмендегі 1-кестеде (158 б.) топтастырылып ұсынылды.

1-кестеде ұсынылған факторлардың ішінен маңызды саналатын бірнеше факторды таңдап алып, сол факторлар бойынша статистикалық ақпараттарға сүйеніп, мемлекеттердің сыртқы инвесторларға тартымдылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін кесте құрамыз. Факторлар үшін берілетін максимум балл талдауға таңдалған 3 елдің ең жоғарғы көрсеткішіне берілген балл бойынша пропорционалды түрде алынады. Алынатын ақпараттар 2017–2021 жж. аралығындағы деректерге негізделген.

Кесте 1 – Инвестициялық тартымдылыққа әсер етуші факторлардың жіктелімі

Саяси-құқықтық факторлар	Экономикалық факторлар	Әлеуметтік факторлар	Қосымша факторлар
Саяси тұрақтылық Дамыған құқықтық-нормативтік база	Елдегі инвестициялық климатты басқару тәсілдері Инвестициялық инфраструктураның даму деңгейі Инновацияларды енгізу жылдамдығы Ұлттық валютаның тұрақтылығы Салық жүйесінің ашықтығы Қаржы нарығының көпбағытты дамуы Инфляция өсімі Өнім шығару көлемінің өсім деңгейі Шикізаттық ресурстармен камтамасыз ету деңгейі	Әскери тәуекелдер Демографиялық өсім Кадрлардың жеткіліктілігі Кадрлардың кәсібилігі Жұмыссыздық деңгейі	Ішкі нарықтың төлем қабілеті Логистикалық инфраструктураның құрылымдау деңгейі Қылмыстық және экологиялық тәуекелдер
Ескертпе: [12–20] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған.			

Төмендегі кестеде жоғарыда жіктелген факторлар негізінде маңызды аспектілер бөлініп алынып, арнайы ықпал ету деңгейі мен маңызы бойынша талдау жасалған уақытта берілетін балл көрсетілген.

Кесте 2 – Инвестициялық тартымдылыққа әсер етуші негізгі факторлар мен шкалалар

Факторлар	Берілетін максимум балл*
Тікелей сыртқы инвестиция көлемі	10
Жалпы ішкі өнім көлемі	9
Сауда деңгейі (елдің экспорты мен импортының айырмасы арқылы есептеледі)	8
Жұмыс күші көлемі	8
Инфляция деңгейі	8
<p>Ескертпе: [10, 15, 21–22] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған.</p> <p>*Жоғарыдағы факторлар негізінде мемлекеттердің инвестициялық тартымдылығын анықтауда қажет болатын балды анықтайтын арнайы формула жасалды, есептелу жолы № 1 формулада көрсетілген:</p> $\text{Балл} = K1 * \text{мах. балл} \div K \text{ мах} \quad (1)$ <p>Бұл жерде: Балл – қарастырылып отырған елдің тиісті көрсеткіш бойынша алатын балы K1 – тиісті жылдағы 2 және 3 орындағы мемлекеттердің фактор бойынша көрсеткіші мах. балл – факторға берілген ең жоғарғы балл K мах – тиісті фактор бойынша ең жоғарғы мәнге ие болған елдің көрсеткіші</p>	

Тікелей шетелдік инвестициялар қабылдаушы елдердің экономикалық өсуін жеделдетуде, факторлық өнімділікті жақсартуда шешуші рөл атқара алады. Экономикалық өсім деңгейі жоғары мемлекеттер және кәсіби білікті мамандардың мол болуы, басқа инвесторлардың әрекеті басқа да инвесторларға мемлекетті тартымды көрсетуге жеткілікті ықпал етеді. Нәтижесінде, маңыздылығын ескере отырып, фактор 10/10 балмен формула кезінде есептелетін болды.

Инвестициялық тартымдылыққа әсер етуші фактордың бірі ретінде жалпы ішкі өнімнің көлемі таңдап алынды. Себебі, ЖІӨ көлемінің артуы ол елге салынып жатқан инвестицияның жұмыс жасап жатқанын дәлелдеудің бір негізі. Бұл мәселе бойынша Нобель сыйлығының лауреаты П. Самуэлсон «акселератор принципі» түрінде тұжырымдаған экономикалық өсу мен инвестициялардың өзара әрекеттесу механизмін талдайтын болсақ негізгі материалдық капиталға салынған инвестициялар ЖІӨ өсуімен өзара ықпалдастықта динамикада болады. Демек, ЖІӨ көлемі артса инвестиция көлемінде артып, инвесторлар тарапынан тартымдылық

өсіп жатқанын дәлелдейді. Нәтижесінде, маңыздылығын ескере отырып, фактор 9/10 балмен формула кезінде есептелетін болды.

Мемлекетке салынған нақты инвестициялар өндірістік саланы дамытып, өнім шығаруға мүмкіндік береді. Экспорт пен импорт сальдосын анықтау кезінде сальдо оң мәнге ие болған жағдайда салынған нақты инвестициялардың жұмыс жасағанын дәлелдеп, болашақта тауар мен қызмет экспорттау бойынша сыртқы инвесторларға материалдық салаларға инвестиция салуына күман туғызбайды. Бұл өз кезегінде инвестициялық тартымдылыққа әсер етуші маңызды факторлар қатарында қарастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, маңыздылығын ескере отырып, фактор 8/10 балмен формула кезінде есептелетін болды.

Жалпы, Орталық Азия елдерінің тартымдылығы кезіндегі инвестициялық факторлардың ішінде талдаушылар жұмыс күшінің төмен құнын, табиғи ресурстардың болуын, экономиканың әртүрлі секторларының өсу әлеуетін, нарықтың үлкен сыйымдылығын және басқа да бірқатар ерекшеліктерді бөліп көрсетеді [23, 69–70 бб.]. Талдайтын болсақ, сарапшылар ең бірінші орынға жұмыс күшінің төмен құнын көрсеткен, демек неғұрлым мемлекеттегі белсенді жұмыс күші көп болған сайын соғұрлым бәсекелестік тудырып, жұмыс күшінің арзандауына әкеледі. Бұл мәселе инвесторлар назар қояр алғашқы факторлар қатарына енеді. Нәтижесінде, маңыздылығын ескере отырып, фактор 8/10 балмен формула кезінде есептелетін болды.

Нәтижелер мен талқылау

Кейбір зерттеушілердің зерттеуінде, инфляцияның инвестицияға әсерін зерттейтін жұмыстардың көпшілігі бұл әсердің теріс сипатын дәлелдейтінін анықтаған. Атап айтқанда, инвестицияларға инфляцияның мұндай әсері үшін ең көп таралған және маңызды дәлел – олардың амортизациялық аударымдардың құны арқылы байланысы [24, 23 б.]. № 2 формуладан көретініміз инфляция деңгейі төмен болған сайын инвестициялық белсенділікте жоғары болады, демек сырттан келетін инвестициялық ағымдар деңгейін көтеріп, инвестициялық тартымдылықты арттырады. Нәтижесінде, маңыздылығын ескере отырып, фактор 8/10 балмен формула кезінде есептелетін болды.

Инвестициялық тартымдылық деңгейін анықтау үшін төменде жоғарыда талданған 5 фактордың негізінде арнайы формула құрастырылған, № 2 формулада тәуелсіз айнымалы көрсеткіштер ретінде – тікелей сыртқы инвестиция көлемі, жалпы ішкі өнім, сауда деңгейі (елдің экспорты мен импортының айырмасы арқылы есептеледі), жұмыс күшінің көлемі, инфляция деңгейі, тәуелді айнымалы көрсеткіш ретінде – инвестициялық тартымдылық деңгейі алынды:

$$ИТ = ТСИК + ЖІӨ + СД + ЖКК + ИД \quad (2)$$

Бұл жерде: ИТ – инвестициялық тартымдылық,
ТСИК – тікелей сыртқы инвестициялар көлемі,
СД – сауда деңгейі (елдің экспорты мен импортының айырмасы арқылы есептеледі),
ЖКК – жұмыс күшінің көлемі,
ИД – инфляция деңгейі (жылдық).

Осы факторлар бойынша 2017–2021 жж. аралығында көрсеткіштерді алып, талдау жасалды, талдау барысы мен нәтижесі төмендегі кестелерде көрсетілген.

Кесте 3 – Факторлар бойынша әрбір республиканың жылдар бойынша жинаған балы және инвестициялық тартымдылық деңгейі

Қазақстан	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Орташа
Тікелей сыртқы инвестиция көлемі	10	10	10	10	10	10
Жалпы ішкі өнім көлемі	9	9	9	9	9	9
Сауда деңгейі	8	8	8	8	8	8
Жұмыс күші көлемі	3,88	3,86	3,88	3,84	3,83	3,85
Инфляция деңгейі	4,09	0,7	5,06	8	8	5,17
Инвестициялық тартымдылық деңгейі						36,02
Ескертпе: [2] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.						

2017–2021 жж. арналған көрсеткіштер бойынша Қазақстан қаралып жатқан елдер арасында балдық жүйе бойынша ең жоғары балл алды және Орталық Азиядағы инвестициялық тартымдылық бойынша көшбасшы болып табылады. Еңбек ресурстары бойынша Өзбекстан алда болды, әрине Қазақстанның бұл фактордағы жетістігі тарихи және саяси факторларға байланысты, осыған байланысты Қазақстан келешекте мемлекеттік бағдарлама қабылдап, оны жүзеге асыру үшін жеткілікті жұмыс күшін қамтамасыз ете алуы керек. Қазақстан инвестициялық тартымдылық жағынан Орталық Азияның өзегіне айналғысы келсе, алдағы 20 жылда белсенді жұмыс күшін арттыру үшін арнайы бағдарламаларды жүзеге асыруы керек. Мемлекеттегі тиісті жұмыс күшінің саны қажеттілікті толық қанағаттандыра алмаған жағдайда біз басқа республикалардың кадр ресурстарына жүгінуге мәжбүр боламыз. Бұл өз кезегінде мемлекет үшін әлеуметтік-саяси мәселелерден экономикалық аспектілерге дейін жаңа мәселелерді тудырады.

Кесте 4 – Факторлар бойынша әрбір республиканың жылдар бойынша жинаған балы және инвестициялық тартымдылық деңгейі

Өзбекстан	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Орташа
Тікелей сыртқы инвестиция көлемі	1,1	1,19	3,8	1,6	3,61	2,26
Жалпы ішкі өнім көлемі	3,34	2,64	2,96	3,15	3,16	3,05
Сауда деңгейі	0,4	0	0	0	0	0,08
Жұмыс күші көлемі	8	8	8	8	8	8
Инфляция деңгейі	2,05	0,27	1,63	5,4	6,73	3,21
Инвестициялық тартымдылық деңгейі						16,6
Ескертпе: [23] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.						

Өзбекстан Республикасының инвестициялық тартымдылығы бойынша алған ұпайы тізімде 2-орынға шығуға мүмкіндік берді. Қазақстанмен салыстырғанда ұпай 2 есе төмен болды. Бірақ Өзбекстан Республикасы жұмыс күші бойынша Орталық Азиядағы көшбасшылықты сақтап қалды. Өзбекстанда соңғы 6 жылда жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық өзгерістердің жаңа бағыты бұл елге жаңаша көзқарас тудырып, шетелдік инвесторлардың қызығушылығын тудырғаны белгілі. Болашақта бұл елдің Орталық Азиядағы көшбасшылық үшін Қазақстанға нағыз бәсекелес екенін көреміз. Соңғы жылдары Өзбекстанның кейбір салалардағы көрсеткіштерінің экспоненциалды түрде өсуі Қазақстан үшін үлкен бәсекелестік тудырды және бұл республиканың құзырлы органдары жаңа дос-бәсекелеске қарсы тұрудың жаңа тетіктерін әзірлеу керектігін меңзейді.

Кесте 5 – Факторлар бойынша әрбір республиканың жылдар бойынша жинаған балы және инвестициялық тартымдылық деңгейі

Қырғызстан	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Орташа
Тікелей сыртқы инвестиция көлемі	0,29	0,35	0,44	0,31	0,42	0,36
Жалпы ішкі өнім көлемі	0,41	0,41	0,43	0,31	0,39	0,39
Сауда деңгейі	0	0	0	0	0	0
Жұмыс күші көлемі	1,08	1,07	1,08	1,08	1,11	1,08
Инфляция деңгейі	8	8	8	6,1	6	7,2
Инвестициялық тартымдылық деңгейі						9,03
Ескертпе: [24] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.						

Қырғызстанға өзінің географиялық орналасуы мен табиғи, адами ресурстарының көлемі және орын алып отырған саяси жағдайларға байланысты көптеген факторлар антирейтингте көшбасшылыққа ие болуына әкеліп отыр. Соңғы 5 жылдықта сыртқы сауда айналымында арақатынасы теріс сальдоға ғана болып, импорттық тауарларға тікелей тәуелділікте болып отыр. Тек елдің инфляциялық көлемі бойынша салыстырмалы деңгейде 2017–2019 жж. арасында лидерлік позицияда болған. Одан кейінгі уақытта біраз белсенділігін төмендетіп алды.

Жоғарыда талданған 5 статистикалық факторға жасалған корреляциялық-регрессиялық талдау төмендегі нәтижелерді көрсетті.

Кесте 6 – Қазақстандағы факторларға корреляциялық-регрессиялық талдау

Белгілеу	Тәуелділік дәрежесі	Сипаттама			
y	DV	Тікелей сыртқы инвестиция көлемі млрд \$			
x1	IV1	Жалпы ішкі өнім көлемі			
x2	IV2	Сауда деңгейі (елдің экспорты мен импортының айырмасы арқылы есептеледі)			
x3	IV3	Жұмыс күші көлемі			
x4	IV4	Инфляция деңгейі			
	y	x1	x2	x3	x4
y	1				
x1	0,623133	1			
x2	0,811126	0,269761	1		
x3	0,195245	0,776388	0,29781	1	
x4	-0,79579	-0,15453	-0,6879	0,020097	1

Ескертпе: [2] дереккөз негізінде excel арқылы авторлармен құрастырылған.

Осы көрсеткіштер арасында Қазақстан үшін тәуелді айнымалы y мен тәуелсіз айнымалылар x1 және x2 арасында тығыз байланыс бар. Бұл әлсіз тәуелді мәндерді алып тастауды ескере отырып, осы көрсеткіштер үшін регрессиялық модель құруға мүмкіндік береді.


Регрессиялық статистика					
Көпше R	0,913364				
R-шаршы	0,834233				
Нормаланған R-шаршы	0,668466				
Стандартты қате	1,780112				
Бақылаулар	5				
Дисперсиялық талдау					
	df	SS	MS	F	Маңыздылығы F
Регрессия	2	31,8944	15,9472	5,03257	0,165766829
Қалдық	2	6,337597	3,168799		
Барлығы	4	38,232			
	Коэффициенттер	стандартты қате	t – статистика	P-мәні	төменгі 95%
Ү-қиылысу	-4,36351	13,76559	-0,31699	0,781283	-63,59208561
Айнымалы X 1	0,115643	0,07929	1,458483	0,282082	-0,225513647
Айнымалы X 2	0,308325	0,132925	2,319548	0,14618	-0,263603391
ҚАЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ					
Бақылау	Болжалды Y	Қалғаны			
1	20,75305	0,24695			
2	25,15851	-0,85851			
3	22,3104	2,089599			
4	23,14008	-0,94008			
5	24,33796	-0,53796			

Сурет 2 – Қазақстан бойынша регрессия моделін құру

Ескертпе: [2] дереккөз негізінде excel арқылы авторлармен құрастырылған.

Қазақстан үшін регрессия теңдеуі $y = -4,36351 + 0,1156x_1 + 0,308x_2$

Модельдің құрылысы алдағы бес жылда күтілетін болжамды кезеңде у (Тікелей сыртқы инвестиция көлемі млрд \$) тәуелді айнымалының динамикасы суретте көрсетілген түрінде ұсынылатындығын көрсетеді



Сурет 3 – Қазақстан бойынша регрессия графигі

Ескертпе: [2] дереккөз негізінде excel арқылы авторлармен құрастырылған.

Бұл дегеніміз, елдің ЖІӨ-нің 1,0 млрд АҚШ долларына өсуі ЖІӨ-нің тікелей шетелдік инвестицияларының ағынын 115,6 млн АҚШ долларына ынталандырады, ал сауда балансының экономикаға 1,0 млрд АҚШ долларына өсуі кезінде шетелдік инвестициялардың 308,3 млн АҚШ долларына ағыны байқалады. Бұл сауда балансының ЖІӨ-нің өсуіне қарағанда Инвестициялар ағынына айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетеді. Бұл ең алдымен экспорт пен импорт құрылымын өзгертуге мемлекет тарапынан неғұрлым пәрменді шараларды әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

Кесте 7 – Өзбекстан үшін көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыс

	y	x1	x2	x3	x4
y	1				
x1	0,520063	1			
x2	-0,52523	0,070961	1		
x3	0,636383	0,532649	-0,78946	1	
x4	-0,1202	-0,63076	0,338568	-0,7675	1

Ескертпе: [23] дереккөз негізінде excel арқылы авторлармен құрастырылған.

Нәтижесінде, Қазақстандық модельге қолданылған формуланы үлгі қылып, Өзбекстан үшін регрессиялық теңдеудің нәтижесі төмендегідей құрылды:

Өзбекстан үшін регрессия теңдеуі $y = -125,35 + 0,14x_1 + 6,41x_3$

Модельдің құрылысы алдағы бес жылда күтілетін болжамды кезеңде у (тікелей сыртқы инвестиция көлемі млрд \$) тәуелді айнымалының динамикасы 4-суретте көрсетілген түрінде ұсынылатындығын көрсетеді.



Сурет 4 – Өзбекстан бойынша регрессия графигі

Ескертпе: [23] дереккөз негізінде excel арқылы авторлармен құрастырылған.

Елдің ЖІӨ-нің 1,0 млрд АҚШ долларына өсуі ЖІӨ-нің тікелей шетелдік инвестицияларының ағынын 140 млн АҚШ долларына ынталандырады, ал еңбек ресурстарының 10,0-ге өсуі кезінде бұл нені білдіреді экономикаға шетелдік инвестициялардың енуі 6,41 млрд АҚШ долларын құрайды. Бұл жұмыс күшінің ЖІӨ-нің өсуіне қарағанда Инвестициялар ағынына айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетеді. Бұл ең алдымен осы көрсеткіштің сандық және сапалық аспектісін ынталандыруға мемлекет тарапынан неғұрлым пәрменді шараларды әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

Кесте 8 – Қырғызстан үшін көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыс


	y	x1	x2	x3	x4
y	1				
x1	0,975454	1			
x2	-0,76977	-0,61879	1		
x3	0,447217	0,438073	-0,29036	1	
x4	-0,12219	-0,09934	0,227516	0,82337	1

Ескертпе: [24] дереккөз негізінде excel арқылы авторлармен құрастырылған.

Қырғызстан үшін де жоғарыда көрсетілген модель сияқты үлгі құрылды.

Нәтижесі, Қырғызстан үшін регрессия теңдеуі $y = -3,15 + 0,457x_1 + 0,081x_3$ -ке тең болды.

Модельдің құрылысы алдағы бес жылда күтілетін болжамды кезеңде y (тікелей сыртқы инвестиция көлемі млрд \$) тәуелді айнымалының динамикасы 5-суретте көрсетілген түрінде ұсынылатындығын көрсетеді.



Сурет 5 – Қырғызстан бойынша регрессия графигі

Ескертпе: [24] дереккөз негізінде EXCEL арқылы авторлармен құрастырылған.

Елдің ЖІӨ-нің 1,0 млрд АҚШ долларына өсуі ЖІӨ-нің тікелей шетелдік инвестицияларының ағынын 457 млн АҚШ долларына ынталандырады, ал еңбек ресурстарының 10,0-ге өсуі кезінде экономикаға шетелдік инвестициялардың енуі 81 млн АҚШ долларын құрайды. Бұл жұмыс күшінің ЖІӨ-нің өсуіне қарағанда инвестициялар ағынына айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетеді. Бұл ең алдымен осы көрсеткіштің сандық және сапалық аспектісін ынталандыруға мемлекет тарапынан неғұрлым пәрменді шараларды әзірлеу қажеттігін көрсетеді. Қазақстан мен Өзбекстаннан айырмашылығы, жүргізілген корреляциялық-регрессиялық талдау шетелдік инвестициялар ағынының Қырғызстандағы ЖІӨ өсіміне тәуелділігі ең жоғары екенін көрсетті, бұл мемлекет бұған ерекше назар аударып, осы әлеуетті инвестициялар ағынын ұлғайту және Орталық Азиядағы осы бәсекелестік артықшылықты пайдалану үшін пайдалануы керек екенін көрсетеді.

3 мемлекеттің өзара инвестициялық қарым-қатынасына талдау жасайтын болсақ, 2021 ж. Қазақстанға Қырғызстаннан келетін тікелей инвестиция көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,1 млн \$-ға азайған, ал Өзбекстан керісінше 5,1 млн \$-ға арттырған. Қырғызстанға 2021 ж. Қазақстан 65,6 млн \$, Өзбекстан 2,5 млн \$ тікелей инвестиция құйған.

3 мемлекеттің көрсетілген есептерін қарайтын болсақ, 3 мемлекетте де инвестиция салу бойынша топ-5 ел қатарында болған Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасы. Аталған әлемдік қос держава Орталық Азиядағы өздерінің ықпалын арттыру үшін жылдан жылға әртүрлі аспектіде белсенділіктерін арттырып келе жатыр. Атап айтатын болсақ, Қытай Орталық Азия Республикаларының аумағынан өтетін «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы арқылы өзінің экономикалық ықпалын арттыру үшін тиімді мүмкіндік жасап алды. Бұл өз кезегінде Орталық Азияның кейбір мемлекеттері үшін логистикалық орталыққа айналуға үлкен мүмкіндік береді. Орталық Азия мемлекетінің қаржылық инвестицияларының деңгейін және мінез-құлқын сандық бағалау үшін үлкен деректер көкжиегі теориясы негізінде жоғарыда айтылған жобалар үшін Орталық Азия елдеріне қытайлық инвестициялардың тәуекелдері мен стратегияларын терең зерттеу қажет екенін көруге болады [17]. Жоғарыда айтылған елдердің бірі – Ресей. Бұл мемлекет Қазақстанмен шекаралық тұрғыда тығыз байланыста болғаннан кейін аталған елдегі болып жатқан оқиғаларда Орталық Азияға әсіресе Қазақстанға айтарлықтай әсерін тигізеді. Мысалы, Ресей және Қазақстан, Қырғызстан тағы да басқа елдер мүше Еуразиялық Экономикалық Одақ бар. Бұл ұйым кешенді үлкен Еуразиялық әріптестік әлеуеті қатысушылардың көпшілігі үшін тартымды болады, өйткені оның негізінде «мемлекеттердің ішкі істеріне және егеменді теңдігіне араласпау, конституциялық құрылысты және заңды түрде сайланған билікті тұрақсыздандыруға жол бермеу, мәдени дәстүрлер мен өркениетке құрметпен қарау» [18] сияқты қағидағтар жатыр деген сипат көрсеткенімен, Батыс елдерінің оң көзқарасын алмаған.

Бір ерекшелігі Қазақстанның сыртқы инвестициялық серіктестіктерінің үздік үштігін Нидерланды, АҚШ, Швейцария секілді Батыс елдері құрайды. Бұның өзі Қазақстан экономикасын әртараптандырып, бір елдің экономикалық ықпалына түсіп, тәуелді болудан сақтану үшін жүргізіліп отырған мақсатты саясат екенін мойындауға болады. Батыс елдері де өз кезегінде Қазақстанды Орталық Азиядағы көшбасшы ойыншы ретінде мойындап, осы елмен тығыз саяси-экономикалық қарым-қатынас жасап отырғанына жоғарыда айтылған фактор дәлел бола алады.

Қарастырылып отырған 3 мемлекетте де инвестициялық тартымдылық пен тұрақтылыққа әсер ететін саяси факторлар жеткілікті. Мысалы, Қазақстанда 2022 жылдың басында болған қаңтар оқиғасы елдің инвестициялық тартымдылық деңгейіне соққы берді. Бұл оқиғалар инвесторлар алдында инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың кепілдігіне күмән тудырды. Нәтижесінде, біз шетелдік инвесторлардың ықтимал жанжалдардың әлеуметтік және еңбек себептерін көбірек анықтайтынын көреміз. Ал Өзбекстандағы ішкі саяси мәселе құрамындағы Қарақалпақстан Автономиялы Республикасы халқының 2021 ж. болған ереуілі саяси тұрақтылық бойынша Өзбекстан Республикасының беделіне едәуір әсер етті. Келесі мемлекет Қырғызстанға саяси тұрақтылық жағынан тартымдылыққа ең басты кері әсер тигізетін бұл мемлекеттегі биліктің революциялық жолмен ауыспалылығы.

3 мемлекетке де ортақ тағы бір мәселе бұл аталған мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейінің болуы. Transparency International компаниясының жүргізген рейтингісі бойынша Қазақстан әлем елдерінде жемқорлық деңгейі бойынша 103-ші, Өзбекстан 143-ші, Қырғызстан 145-ші орынды иеленген. Бұл әрине аталған мемлекеттердің жемқорлық деңгейі бойынша жемқорлықсыз 100 елдің қатарына кіре алмайтынын көрсетеді.

Мақаланы зерттеу негізінде алынған нәтижелер Қазақстанның жоғарыдағы талданған бірнеше маңызды факторлар бойынша Орталық Азиялық көшбасшы екенін көрсетеді. Зерттеулер негізінде Орталық Азиялық Республикаларға жеке және ұжымдық негізде бірнеше ұсыныстар ұсынылды:

- ♦ Өзбекстан Республикасының кейбір аспектілер бойынша өз потенциалын арттырып, Қазақстан Республикасына бәсекелес болар деңгейге жетуге болатынын көрсетеді. Бұл үшін өндіріс саласында жаңа технологиялық және электроникалық салаларда басымдық бергені дұрыс деп қорытынды беруге болады, себебі Өзбекстанның табиғи ресурс байлығы бойынша деңгейі Қазақстаннан айтарлықтай төмен, оның үстіне негізгі бөлімде талданғандай үздік сыртқы инвесторлар қатарында осы салада маманданған Оңтүстік Корея және Германия мемлекеттері байқалады. Сондықтан, индустрия және технология саласына мемлекет тарапынан басқарудың жаңа бағыттары енгізілуі керек.

♦ Жоғарыдағыдай ұсыныс Қазақстан Республикасына да ұсынылады. Қазақстан көріп отырғанымыздай негізгі инвестициялық ағындарды Батыс елдерінен алып отыр, егер алдыңғы қатарға көрші Ресей мен Қытайды шығаратын деңгейге жеткізсе нақты инвестициялар бойынша логистикалық-тасымалдау мәселесі шешіліп, мемлекеттік басқарудың қатысты салаларына өзінің оң ықпалын тигізетін еді.

Қырғызстан Республикасы өз мүмкіндігін барынша дамыту үшін инвесторларға құқықтық тұрғыда жеңілдіктер жасау арқылы арттырғаны дұрыс деп саралаймыз және инвестициялық ағындардың үлкен легін тарту үшін геологиялық барлау жасап, ауыр өнеркәсіпті мемлекет тарапынан инвесторларға ұсыныс ретінде шығарып, сауда-транснагистраль қабілетін арттыру үшін мемлекеттік реттеудің арнайы механизмдері енгізілгені дұрыс деген қорытынды жасаймыз.

Бұл алынған зерттеу нәтижелерінің маңызы талданған мемлекеттердің инвестициялық сала бойынша құрылған концепцияларын әрі қарай дамытуға, нормативтік-құқықтық базасын жетілдіріп, анықталған кемшіл салаларда инвестицияны арттыру бойынша механизмдер қатарын толықтыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Мақаланы жазу барысында қойылған гипотезаның да зерттеу нәтижелері арқылы расталғанын көре аламыз. Біріншіден, тікелей сыртқы инвестициялардың өсімі мемлекеттердің ЖІӨ-нің айтарлықтай үлесін алып, зерттеу бойынша соңғы жылдары талданған 3 мемлекет тікелей сыртқы инвестициялардың көлемін айтарлықтай ұлғайтқанын кестелерден байқауға болады, өз кезегінде бұл тенденция қойылған алғашқы гипотезаны оң мәнге шығарады. Екіншіден, инвестицияларға әсер етуші факторлар олардың өсімінің басты детонаторы екенін мақала барысында жасалған корреляциялық-регрессиялық модельдер арқылы өз расталымын дәлелдеді. Әсер етуші факторлардың көрсеткіші тиімді жаққа бұрылған сайын инвестициялық ағын көлемінің белгілі бір мөлшерінде өсуге алып келетінін 3 мемлекет мысалында айқындалды.

Экономикасының басым бөлігін шикізаттық өндіріс құрайтын Орталық Азия елдері үшін сырттан келетін инвестициялар көлемінің артуы макроэкономикалық көрсеткіштерге тиімді ықпал ете алатын өте маңызды аспект. Бұл мәселеде қарастырылған 3 мемлекеттің көрсеткіштері жылдан-жылға артып келе жатыр. Соңғы 6 жыл ішінде аталған республикалардың саяси билігіне жаңа тұлғалардың келуімен саяси-экономикалық салада жаңа леп келіп, өзге елдермен инвестициялық саясат жүргізу бойынша өңірде достыққа негізделген өзара бәсекелестік қалыптасқан. Қазақстан мен Өзбекстанның аймақтағы көшбасшылыққа ұмтылуы бұл мемлекеттердің инвестициялық саясатын мұқият жүргізіп, сыртқы инвесторларға жайлы ахуал жасау үшін жылдан-жылға реформалары оң өзгеріске ұшырап, шетелдік мүдделі инвесторлардың көңілінен шығып келеді. Әсіресе Қазақстан Республикасының геосаяси факторлар әсерінен орын алған жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалана біліп, алға ұмтылуы аталған өңірде оның сөзсіз көшбасшылыққа жетуіне алғышарт жасайды. Талданған 3 мемлекет үшін де сыртқы экономикалық қызметте және инвестиция тарту үшін бағыттарын әртараптандырғаны өте тиімді және ұлттық қауіпсіздікке ауыртпалық тудырмайды. Болашақта Орталық Азия өңірі жаңа геосаяси және экономикалық ойындардың алаңына айналуы мүмкін, сондықтан өңір мемлекеттері қолда бар мүмкіндіктер мен уақытты пайдаланып, әрбір әлемдегі геосаяси ойыншы әсіресе экономикалық салада өзінің есесін жібермейтіндей тең баланс орнатуы қажет деп қорытындылаймыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды (AP19678012 – Орнықты дамудың үштұғырлы тұжырымдамасы (ESG): өңірлердің теңгерімді дамыту контекстіндегі бизнестің мүдделері).

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Экономика Центральной Азии // Brif research group. URL: <https://www.brif.kz/ekonomika-centralnoj-azii/> (қаралған күні: 09.04.2023)
- 2 Статистические данные Казахстана. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. URL: <https://stat.gov.kz/search> (қаралған күні: 18.03.2023)
- 3 Swinnen D., Burkitbayeva J., Schierhorn S., Prishchepov F., Müller A.V. Production Potential in the “Bread Baskets” of Eastern Europe and Central Asia // *Global Food Security*. 2017. No. 14. P. 38–53. DOI: 10.1016/j.gfs.2017.03.005
- 4 On measures to radically improve the investment climate in the Republic of Uzbekistan. Decree of the President of Uzbekistan No. UP-5495. URL: <https://lex.uz/docs/4598482> (қаралған күні: 25.03.2023)
- 5 Приток инвестиций в Казахстан побил 10-летний рекорд // TENGRI NEWS. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pritok-investitsiy-v-kazakhstan-pobil-10-letniy-rekord-496067/ (қаралған күні: 29.04.2023).
- 6 Samuelson P.A. Maximum Principle in Analytical Economics // *The American Economic Review*. 1972. Vol. 62. No. 3. P. 249–262. URL: <https://ideas.repec.org/a/aea/aecrev/v62y1972i3p249-62.html> (қаралған күні: 03.03.2023)
- 7 Auty R., De Soysa I. Energy, Wealth and Governance in the Caucasus and Central Asia. URL: <https://www.routledge.com/Energy-Wealth-and-Governance-in-the-Caucasus-and-Central-Asia-Lessons/Auty-Soysa/p/book/9780415405775> (қаралған күні: 27.04.2023)
- 8 Wegerich K. Water resources in Central Asia: Regional stability or patchy make-up? // *Central Asian Survey*. 2011. No. 30(2). P. 275–290. DOI: 10.1080/02634937.2011.565231
- 9 Abuova A., Wonchan R. Factors affecting the choice of equity – based mode by foreign firms entering Kazakhstan // *Journal of eastern European and central Asian research*. 2018. Vol. 10. No. 2. P. 264–280. DOI: 10.15549/jecar.v5i2.233 p 34–52
- 10 Penev S. Investment climate and foreign direct investment trends in the South Caucasus and Central Asia // *SEE Journal*. 2014. P. 161. DOI: 10.2478/v10033-007-0013-1
- 11 Yerkin N., Nazym S., Gulmira S. Governance and internalisation in social policy: definition, concepts and causes // *Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues*. 2019. No. 22(1). P.1–5. URL: <https://www.abacademies.org/articles/governance-and-internalisation-in-social-policy-definition-concepts-and-causes-7962.html>
- 12 Омарова А.К. Организация финансирования инвестиций. – Алматы, 2020. – 165 с. ISBN 978-601-04-4413-3
- 13 Хрусталева Б.Б., Горбунов В.Н., Мурсалимова Н.Н., Асияев И.Ю. Факторы инвестиционного климата региона // *Современные проблемы науки и образования*. – 2015. – № 2(1). URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=20330> (қаралған күні: 02.06.2023)
- 14 Кат С.А., Литвинюк Т. Ответственное инвестирование как фактор устойчивого развития. – 2021. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otvetstvennoe-investirovanie-kak-faktor-ustoychivogo-razvitiya> (қаралған күні: 25.04.2023)
- 15 Дрябина Е.В. Влияние инфляции на инвестиции с разными сроками службы. Лаборатория проблем инфляции и экономического роста. кафедра Математической экономики и эконометрики. – 2022. URL: <https://www.hse.ru/data/285/127/1237/Dryabina.pdf> (қаралған күні: 25.04.2023)
- 16 Петрушина О.М., Кондрашова И.В., Лебединский Ю.А. Влияние иностранных инвестиций на внешнеэкономическую деятельность (на примере Калужской области). – 2019. DOI: 10.18411/lj-05-2019-96
- 17 Клюкин И.Н. Определение факторов, оказывающих влияние на инвестиционную привлекательность промышленного предприятия // *Инновации и инвестиции*. – 2018. – № 8. – С. 32–35.
- 18 Павлова Е.А., Смирнова Л.А. Влияние факторов внешней среды на формирование инновационного потенциала предприятия // *FUNDAMENTAL RESEARCH*. – 2015. – № 5. – С. 640–644.
- 19 Аветисян А.Г. Инвестиционная привлекательность страны: анализ основных. – 2020. DOI: 10.26794/2587-5671-2020-24-4-58-74
- 20 Бондарева И.А., Квилинский А.С., Мешков А.В. Характеристика факторов формирования инвестиционного климата региона в современных социально-экономических условиях. – 2016. – № 2(29). – С. 120–134. DOI: 17072/1994–9960–2016–2–120–134
- 21 Ashurov S., Abdullah Othman A.H., Rosman R., Haron R. The determinants of foreign direct investment in Central Asian region: A case study of Tajikistan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Turkmenistan and Uzbekistan (A quantitative analysis using GMM). 2020. DOI: 10.32609/j.ruje.6.48556
- 22 Демеуов Н., Аяпбекова А. Факторы, влияющие на приток прямых иностранных инвестиций на примере стран АСЕАН+3. – 2022. DOI: 10.52123/1994-2370-2022-944

23 Статистические данные Узбекистана. O'ZBEKISTON RESPUBLIKASI PREZIDENTI HUZURIDAGI STATISTIKA AGENTLIGI. – 2023. URL: <https://stat.uz/uz/> (қаралган кўни: 29.03.2023)

24 Статистические данные Узбекистана. Национальный статистический комитет Кыргызской Республики. – 2023. URL: <http://www.stat.kg/ru/> (қаралган кўни: 29.03.2023)

REFERENCES

1 Jekonomika Central'noj Azii // Brif research group. URL: <https://www.brif.kz/ekonomika-centralnoj-azii/> (қаралган кўни: 09.04.2023). (In Russian).

2 Statisticheskie dannye Kazahstana. Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan. URL: <https://stat.gov.kz/search> (қаралган кўни: 18.03.2023). (In Russian).

3 Swinnen D., Burkitbayeva J., Schierhorn S., Prishchepov F., Müller A.V. (2017) Production Potential in the “Bread Baskets” of Eastern Europe and Central Asia // Global Food Security. No. 14. P. 38–53. DOI: 10.1016/j.gfs.2017.03.005. (In English).

4 On measures to radically improve the investment climate in the Republic of Uzbekistan. Decree of the President of Uzbekistan No. UP-5495. URL: <https://lex.uz/docs/4598482> (қаралган кўни: 25.03.2023). (In English).

5 Pritok investicij v Kazahstan pobil 10-letnij rekord // TENGRI NEWS. URL: https://tengrinews.kz/kazahstan_news/pritok-investitsiy-v-kazahstan-pobil-10-letniy-rekord-496067/ (қаралган кўни: 29.04.2023). (In Russian).

6 Samuelson P.A. (1972) Maximum Principle in Analytical Economics // The American Economic Review. Vol. 62. No. 3. P. 249–262. URL: <https://ideas.repec.org/a/aea/aecrev/v62y1972i3p249-62.html> (қаралган кўни: 03.03.2023). (In English).

7 Auty R., De Soysa I. Energy, Wealth and Governance in the Caucasus and Central Asia. URL: <https://www.routledge.com/Energy-Wealth-and-Governance-in-the-Caucasus-and-Central-Asia-Lessons/Auty-Soysa/p/book/9780415405775> (қаралган кўни: 27.04.2023). (In English).

8 Wegerich K. (2011) Water resources in Central Asia: Regional stability or patchy make-up? // Central Asian Survey. No. 30(2). P. 275–290. DOI: 10.1080/02634937.2011.565231. (In English).

9 Abuova A., Wonchan R. (2018) Factors affecting the choice of equity – based mode by foreign firms entering Kazakhstan // Journal of eastern European and central Asian research. Vol. 10. No. 2. P. 264–280. DOI: 10.15549/jeeecar.v5i2.233 p 34-52. (In English).

10 Penev S. Investment climate and foreign direct investment trends in the South Caucasus and Central Asia // SEE Journal. 2014. R. 161. DOI: 10.2478/v10033-007-0013-1. (In English).

11 Yerkin N., Nazym S., Gulmira S. (2019) Governance and internalisation in social policy: definition, concepts and causes // Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues. No. 22(1). P. 1–5. URL: <https://www.abacademies.org/articles/governance-and-internalisation-in-social-policy-definition-concepts-and-causes-7962.html>. (In English).

12 Omarova A.K. (2020) Organizacija finansirovaniya investicij. Almaty, 165 p. ISBN 978-601-04-4413-3. (In Russian).

13 Hrustalev B.B., Gorbunov V.N., Mursalimova N.N., Asjaev I.Ju. (2015) Faktory investicionnogo klimata regiona // Sovremennye problemy nauki i obrazovanija. No. 2(1). URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=20330> (қаралган кўни: 02.06.2023). (In Russian).

14 Kat S.A., Litvinjuk T. (2021) Otvetstvennoe investirovanie kak faktor ustojchivogo razvitiya. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otvetstvennoe-investirovanie-kak-faktor-ustoychivogo-razvitiya> (қаралган кўни: 25.04.2023). (In Russian).

15 Drjabina E.V. (2022) Vlijanie infljacji na investicii s raznymi srokami sluzhby. Laboratorija problem infljacji i jekonomicheskogo rosta. kafedra Matematicheskoy jekonomiki i jeknometriki. URL: <https://www.hse.ru/data/285/127/1237/Dryabina.pdf> (қаралган кўни: 25.04.2023). (In Russian).

16 Petrushina O.M., Kondrashova I.V., Lebedinskij Ju.A. (2019) Vlijanie inostrannyh investicij na vneshnejekonomicheskiju dejatel'nost' (na primere Kaluzhskoj oblasti). DOI: 10.18411/lj-05-2019-96. (In Russian).

17 Kljukin I.N. (2018) Opredelenie faktorov, okazyvajushhih vlijanie na investicionnuju privlekatel'nost' promyshlennogo predpriyatija // Innovacii i investicii. No. 8. P. 32–35. (In Russian).

18 Pavlova E.A., Smirnova L.A. (2015) Vlijanie faktorov vneshnej sredy na formirovanie innovacionnogo potentsiala predpriyatija // FUNDAMENTAL RESEARCH. No. 5. P. 640–644. (In Russian).

19 Avetisjan A.G. (2020) Investicionnaja privlekatel'nost' strany: analiz osnovnyh. DOI: 10.26794/2587-5671-2020-24-4-58-74. (In Russian).

20 Bondareva I.A., Kvilinskij A.S., Meshkov A.V. (2016) Harakteristika faktorov formirovaniya investicionnogo klimata regiona v sovremennyh social'no-jekonomicheskikh uslovijah. No. 2(29). P. 120–134. DOI: 17072/1994–9960–2016–2–120–134. (In Russian).

21 Ashurov S., Abdullah Othman A.H., Rosman R., Haron R. (2020) The determinants of foreign direct investment in Central Asian region: A case study of Tajikistan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Turkmenistan and Uzbekistan (A quantitative analysis using GMM). . DOI: 10.32609/j.ruje.6.48556. (In English).

22 Demeuov N., Ajapbekova A. (2022) Faktory, vlijajushhie na pritok prjamyh inostrannyh investicij na primere stran ASEAN+3. DOI: 10.52123/1994-2370-2022-944. (In Russian).

23 Statisticheskie dannye Uzbekistana. O‘ZBEKISTON RESPUBLIKASI PREZIDENTI HUZURIDAGI STATISTIKA AGENTLIGI. 2023. URL: <https://stat.uz/uz/> (qaralʻan kʻuni: 29.03.2023). (In Russian).

24 Statisticheskie dannye Uzbekistana. Nacional'nyj statisticheskij komitet Kyrgyzskoj Respubliki. – 2023. URL: <http://www.stat.kg/ru/> (qaralʻan kʻuni: 29.03.2023). (In Russian).

А.А. АДАМБЕКОВА,*¹

д.э.н., профессор.

*e-mail: ainatas0408@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-2026-4321

А. АППАЗОВ,²

м.э.н.

e-mail: almas.appaz@bk.ru

ORCID ID: 0000-0002-9362-0414

Н.Т. АДАМБЕКОВ,³

м.э.н.

e-mail: nuradamsdu@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-4413-7204

Н.А. АМАНКЕЛДИ,⁴

PhD, профессор.

e-mail: namankeldy@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-7045-4847

¹Казахский национальный
университет им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

²ТОО ФинТех,

г. Алматы, Казахстан

³Международный университет
информационных технологий,

г. Алматы, Казахстан

⁴Caspian University,

г. Алматы Казахстан

ИНВЕСТИЦИОННАЯ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТЬ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ФАКТОРЫ И КРИТЕРИИ ОЦЕНКИ

Аннотация

В условиях явных геополитических трендов прямые иностранные инвестиции выполняют значительную роль в развитии национальных экономик. В работе поставлена цель – проанализировать уровень инвестиционной привлекательности государств Центральной Азии: Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана, провести системное исследование по повышению их потенциала, дать рекомендации по методологии оценивания. Основными иностранными инвесторами всех трех стран являются страны Евросоюза, Турция, Китай и Россия. Данные страны-инвесторы являются очень важными стратегическими регионами в роли континентальной магистрали торговли и товарооборота в мировом хозяйстве и одними из главных производителей в Евразии, потребляя при этом основные сырьевые ресурсы региона. При определении инвестиционной привлекательности ключевые факторы были обоснованы результатами мировых исследований, по факторно-балльной шкале выявлен лидер между государствами. В рамках исследования проверялась правильность гипотезы о действии принципа П. Самуэльсона: в исторических условиях развития государств Центральной Азии рост ВВП может быть обеспечен за счет роста иностранных инвестиций, что способствует росту ВВП. Проведенный корреляционно-регрессионный анализ позволил обосновать предложения, касающиеся государственного управления инвестициями, и показать зависимость стран от соответствующих факторов. Методологической основой послужили методы сопоставления и интерпретации статистических данных и зависимости между ними, критический обзор исследований, позволивший объективно оценить факторы и обосновать критерии

ранжирования. Группировка секторов вложений иностранных инвесторов путем сегментации внутреннего рынка республик позволила определить приоритетные направления развития национальных экономик в каждом секторе, уточнить дальнейшие инвестиционные исследования и подходы к экспертизе. Значимость результатов исследования определена возможностью дальнейшего развития инвестиционных государственных концепций, дополнение механизмов увеличения инвестиций в выявленных дефицитных направлениях.

Ключевые слова: национальная экономика, инвестиции, государственное регулирование, инвестиционная политика, государства, внешние отношения, геополитика.

A.A. ADAMBEKOVA,*¹

d.e.s., professor.

*e-mail: ainatas0408@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-2026-4321

A. APPAZOV,²

m.e.s.

almas.appaz@bk.ru

ORCID ID: 0000-0002-9362-0414

N.T. ADAMBEKOV,³

m.e.s.

e-mail: nuradamsdu@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-4413-7204

N.A. AMANKELDY,⁴

PhD, professor.

e-mail: namankeldy@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-7045-4847

¹Al-Farabi Kazak National University,

Almaty, Kazakhstan

²FinTech LLP,

Almaty, Kazakhstan

³International University

of Information Technologies,

Almaty Kazakhstan

⁴Caspian University,

Almaty, Kazakhstan

INVESTMENT ATTRACTIVENESS OF CENTRAL ASIAN COUNTRIES: FACTORS AND EVALUATION CRITERIA

Abstract

In the context of clear geopolitical trends, foreign investment play a significant role in the development of national economies. The work's aim is analyzing the investment attractiveness's level of the Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan and conduct a study to increase their potential, give recommendations on the assessment methodology. The main foreign investors of them are EU countries, Turkey, China and Russia. These countries are strategic regions as continental highways of trade in the world and are main producers in Eurasia, while consuming the main raw materials of the region. When determining the investment attractiveness, the key factors were substantiated by the results of world studies and the leader among the states was identified on a factor-point scale. As part of the study, the correctness of the hypothesis about the operation of the P. Samuelson principle was tested: GDP growth can be ensured through the growth of foreign investment. The conducted correlation-regression analysis helps substantiating proposals concerning the state management of investments and shows the countries's dependence on specific factors. The methodological justification includes identify dependencies between them, the review studies, which justify the ranking criteria. The grouping investments by segmenting domestic markets made it possible to determine directions for the development of economies, to clarify further investment research and approaches to expertise. The significance of the results of the study is determined by the possibility of further development of investment state concepts, the addition of mechanisms for increasing investment in the identified deficit areas.

Key words: national economy, investment, state regulation, investment policy, states, foreign relations, geopolitics.